Автор: Кадырова Эльмира Абдикамаловна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Адам жанының құпиясы
Тақырып: І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.2.1-автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.3.1.1-шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру
Сабақтың мақсаты:	Барлық :шығарманың мазмұнын біледі,кейіпкерлерін біледі. Көпшілігі: автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Кейбірі: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Жатқа білу
Бағалау критерийлері:	Автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Құндылықтарды дарыту:	Жатқа білу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі
Бастапқы білім:	І.Жансүгіровтің шығармасымен танысамыз. Шығарма желісі бойынша топтық жұмыстар жүргізу.Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыс жеке бағаланады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	І.Жансүгіровтің шығармасымен танысамыз. Шығарма желісі бойынша топтық жұмыстар жүргізу.Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыс жеке бағаланады.	
Сабақтың ортасы	Оқушыларға сұрақтар қойып,жауап алу . Буын, бунақ, ұйқасқа талдау (дәптермен жұмыс) (20 мин) I -топ .. Менің атым сұрасаң Ақан серің а Ғазірет Ғали дүлдүлі тұлпар керім, а Дүниеде оған жетер ат бар ма еді, б Өлді ғой мен қайтейін, Құлагерім... а 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара өлең ұйқасы. Өлеңге талдау жұмыстарын жүргізу. Әсірелеу: «Көмбе қайда ?» -десеңіз, Көзді салып көрсеңіз: Өркеш-өркеш көрінген, Орғылап су төгілген, Балдырғаны білектей, Балаусасы жібектей Қайталау: Кей-кейде жауын болып, жылап ақты, Кей-кейде дауыл болып, соқты қатты, Кей-кейде күңіреніп, көлдей толқып. Кей-кейде қу ағаштай құлап жатты. Дамыту (градация) Күйіндей домбыраның құлдырласын, Суындай Алатаудың сылдырласын Сөздердің асыл, көркем тасын қала, Ұйқысы өлеңімнің сыңғырласын. Ассонанс: Адуын алып көк бөрі Арыста талай бәйге алып, Айқасты талай көп көрді Айқайда талай түсе қап. Асқынғанды бөктерді Теңеу: Көк орман,көркем тоғай маужырағаң, Сұлудың көзіндей көп жаудырағаң Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас, Төгіліп көл жиекке саудырағаң. 5. «Құлагер» өлеңіне сатылай кешенді түрде өлең құрылысына талдау. ...Құлагер, шешең-сұңқар, әкең-тұлпар, Соғып ең дөненің сегіз арқар. Сен өлсең орның басар көк бесті бар, Болады құдай қосса, о да тұлпар...	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	«Құлагерім,пай пай!» деген тақырыпта шығармашылық жұмыс жазып келу. І.Жансүгіров туралы ғалымдардың пікірлерін,зерттеу еңбектерін тауып,шағын шолу хабарламасын дайындау. «Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі	
Рефлексия	«ББҮ» кестесімен жұмыс Білемін Білгім келеді Үйрендім	